

АКМЕШТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін.



Мағжан
№ 25 (458)
23 маусым, 2022 жыл

Уалбай Өмірбаев туралы академик Асқар Жұмалиев: «Ол әлем ғалымдары жылдар бойы бас қатыған «Нагата» проблемасын шешті. Сөйті де Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Осы жерде «неге Уалбай, неге басқа емес?» деген сұрақ туады. Негізінде Уалбай сынды

Фараби математиканы жеті тарауға бөліп, грек ғалымдары аяқтай алмаған проблеманы шешуе тырысты. Геронның есептеу геометриясының басын біріктіруге талпынды. Демек, математика қазаққа жат ғылым емес. Әрине, сөз басына академиктің арнау ойын берудің өзін үлкен өнеге болса, қалған бөлігін біздің сұхбаттан оқи отырып, қаныға түсесіздер. Ең бастысы, ұлттық ұғымда математиканың маңызы әуелден бар.

көшті. «Якобианға» біраз уақытымды жоғалттым десем де болады. 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін математикаға бірде-бір мақала жинақтамадым. Бұл – уақыттың текке кеткенін көрсетеді. Сол заматтарда «Якобиан» есебіне тоқталыптын. Әлі де болса шешімі табылған жоқ. Қазір Макс Планк институтымен бірлесіп, тың дүниелерге қадам басудамын.

БІР ЕСЕПКЕ 3 ЖЫЛ УАҚЫТ ЖҰМСАДЫМ
1998 жылы бекініп алғашқы шабуылымды бастадым. Содан 3 жыл ішінде яғни 2001 жылы «Нагата»ның шешімі табылып, ғылыми мақалам жарыққа шықты. Одан кейін ағылшын математигі Конның есебі бағынды. Міне күрделі есептер арасында көп уақыт жұмсарғаны «Нагата» мәселесі. Менің жеке рекордым осылай. Ал болашақта «Якобианның» мәселесін шешер болсам рекорд қайта жаңарады деген сөз. Бүгінгі 8 жылдан асты «Якобиан» Уалбайға

МАТЕМАТИКА МАРАПАТҚА ТӘУЕЛДІ ЕМЕС
Математик атаққа, дәрежеге, марапатқа жұмыс істемейді. Бұл салаға қызыққандар есептің мәнін та-

АМЕРИКАДАҒЫ АКАДЕМИК
Математика - гректің сөзі, білім, ғылымды білуге құштарлық деген мағына береді. Кейбіреу ғылымның дәлме-дәл дәйегі деп те жүр. Тіпті математиканы ғылымның атасы атайды. Бүгінгі кейіпкеріміз де атақты математик Уалбай Өмірбаев. Ол – ҚР ҰҒА корреспондент- мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Ұстаз-ғалым 1972 жылдан бері шешімін таппай келе жатқан жапон ғалымы М.Нагатаңың есебін 2001 жылы, ағылшын математигі П.Конның есебін 2004 жылы шешті. Бүгінде АҚШ-та Детройт штатының Уейн университетінде дәріс береді.



математик көп. Алайда оларды жұрт біле бермейді. Өйткені олар Уалбай секілді мықты проблема таба алған жоқ» деп еді. Түйін ойдан түйедей-түйдек тағылым тарайды. Шығыс елдерінде IX ғасырда Хорезми алгебра терминін таратса, Әбу Насыр әл

ШЕШІМІН ТАБА АЛМАҒАН ЕСЕПТЕРІМ БАР
Математиктердің ой елегіне жүрген бірнеше есеп жүреді. Сәтті түскенде соларға көңіл бөліп, шешуе аталыспыз. Содан ғылыми материалдарды жарыққа шығарамыз. «Нагата» мәселесін шешкеннен кейін, «Якобиан мәселесіне»

бағынбай жатыр.

БІЗГЕ ДЕМОКРАТИЯ ЖЕТІСПЕЙДІ
Америкаға қоныс аударғаным 15 жылдан әрі асыпты. 15 жыл өтсе де үнемі Қазақстанмен септестіріміз. АҚШ – 100 пайыз демократиялы мемлекет. Демократия деген бірден қалыптасатын оңай шаруа емес. Жаппы мемлекеттің статусын көтеретін демократия екенін есте естен шығармауымыз керек. Мысалы, АҚШ-та республикалық және демократиялық қос партиясы бар. Бәсеңселестіктің арқасында бір-бірінің кем-кетігін түзеп отырады. Қаншама қылмыстың ақ-қарасы ашылды. Тіпті қазір экс президент Дональд Трамптың заңсыз іс-әрекеттері анықталып, заң шеңберінде ісі қаралып жатыр. Міне осындай дүние бізге жетінірмейді.

Ерасыл ШӘРІПЕК, Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Әділетті қоғамды қалыптастыру, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында құқық қорғау саласының алар орны өреше. Жауапкершілік жүгін арқаалаған сала қызметкері қауіп-қатер ортасында жүріп, өл тыныштығын сақтауға барын салады. Оған қоса қауіп төнсе, қатердің бетін қайтарып, әділдік орнату мүмкіндігі де сала мамандарының өншісінде. Сондықтан саладағы әр маманның білік-білімі қауіпсіз қоғамның кепілі болып қала бермек.

Осыған орай Қазақстан полициясы күні қарсаңында мамандандырылған күзет қызметінің өкілі, полиция аға сержанты Рамазан Мұхамбетпен сұхбаттасудың сәті түсті. Құқық қорғау саласының жас маманы жауапкершілік, артылған міндет тұрасында аз-кем ой бөлісті.

– Рамазан Мұхамбетұлы, кәсіби мерекеніңізбен құттықтаймын! Атадан салаға келу жолы әркімде әрқилы. Бірі ата-ана ықпалымен таңдау жасаса, енді бірі арман жетегімен келеді. Сізге құқық қорғау саласын таңдауға не себеп болды?

– Мен үшін құқық қорғау саласы қызмет ғана емес, ол – жауапкершілік, мақсат, болашақ. Себебі қылмыскерлермен күресу, азаматтарды қорғау, заң үстемдігін әйгілеу бала арманым болатын.

– Қазір мамандандырылған күзет қызметінде еңбек етесіз. Көпшілік бұл бағыттың мән-маңызын, құрылымын түсінбеуіне бермейтіні жасырын емес. Мамандандырылған күзет қызметі нысандарды қорғаумен шектеле ме, өлде өзге де міндет бар ма? Бұл салада қандай қарым-қабілет қажет?

– Ію түрлі бағытқа бөлінетінін білеміз. Қй бағыт болмасын қырағалық пен қасібілікті талап етеді. Оның ішінде өзін қызмет ететін мамандандырылған күзет басқармасында жауапкершілік еселене түседі десем артық емес. Себебі маңызды нысандарды күзету жай бағылаумен шектелмейді. Адамдардың қауіпсіздігін сақтау, заң бұзушылықтың болмауын қадағалау, қажет кезінде көмек беру де біздің міндетке кіреді.

Полиция қызметкеріне тән басты ерекшелік – біліктілік. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті басты қасиет қатарында. Оған қоса сабыр, төзім полиция бойынан табылса, маманның жетілгені деп білемін. Себебі қаруым – қажыр-қайрат. Осы орайда маған саладағы аға буын қызметкерлерінің тәлім-тәрбиесі, тәжірибесі көп көмегін тигізуде.



«ҚАЖЫР-ҚАЙРАТ»

– Жұмыс барысы қалай өтеді?

– Жұмыс кестесі бекітілген тәртіп шеңберінде сақталады. Қызмет орнына белгіленген уақытта келу, қару-жарақ белгіменен

өзіме бекітілген қаруды алу, саптық алаңға тұру, басылық нұсқауын орындау. Міне, жалпы жүйе осы. Кейін маңызды нысандар, стратегиялық және экономикалық маңызы бар объектілердің қауіпсіздігін сақтау үшін қызметке кірісіміз.

– Құқық қорғау қызметкерлері мен халық арасындағы сенім, өзара байланысты нығайту үшін қандай қадам жасау қажет деген ойлайсыз?

– Бүгінде полиция қызметкерлерінің мінездемесі, қасиет біліктілігі ғана емес, сыртқы имиджі де назарда. Қызылорда облысы мамандандырылған күзет қызметі тыңғылықты жұмыс атқарылууда. Бұған қоса кезекті өтетін аттестация тағы бар. Бұл сынақтан сүрінбей өткендер ғана халыққа қызмет етеді деген сөз. Осындай жіт бақылау, сүзгіден өткізу, тұрақты өзгеріс халықтың құқық қорғау саласы қызметкерлеріне деген сенімін арттыра түсетіні анық.

Жасыратыны жоқ, кей адамда сала мамандарының қабілеті, қызметтік сапа деңгейі туралы қате көзқарас бар. Ол жаңасқ түсінік пен өкіі ұстанымнан қалған болса керек. Бізге осы көзқарастан арылатын көз келді. Себебі бүгінгі полициядағы болмысы заман талабына толық жауап береді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВ

Жазылу

Хабар

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ: ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛ МЕ?

Еліміз өңсесін көтеріп, есін жиып, тәуелсіздік алғалы бері жастарды қолдау мақсатында бірқатар ірі жобалар дамылсыз жүзеге асырылып келеді. Атын атап, түсін түстесек, білім және ғылым саласындағы «Болашақ» бағдарламасы, «Дипломмен ауылға» және жастарға тікелей қатысы бар басқа да ірі масштабты жобалар жеткілікті. Қазіргі таңдағы жастардың сапалық көрсеткіші, жетістігі – мемлекеттік жастар саясаты нәтижесінің көрінісі. Осыдан тура он жыл бұрын 2012 жылдан бастап жастардың ортақ мәселелерін жергілікті, республикалық дәрежеде қолға алу үшін Жастар ресурстық орталықтары құрыла бастады.

Жастар ресурстық орталығы – жастардың әлеуметтік әрі тұлғалық дамуына жәрдемдесетін және жастар ұйымдарының қызметіне қолдау көрсететін ұйым. Оның негізгі міндеттеріне жергілікті ұйымға қарасты жастарды жұмысқа тұруға дайындау, цифрлық сауаттылығын арттыру, жастар ортасында

волонтерлік қызметті дамыту, жас отбасылармен жұмыс істеу, жастарға қатысты мәселелерді анықтау, мемлекеттік бағдарламаларды жастарға түсіндіру, жұмыс мәселесіне қатысты жарменкелер, әлеуметтік желілерде ақпараттандыру, түрлі мәдени шаралар ұйымдастыру, әлеуметтік зерттеулер, талдамалық

жұмыстар жүргізу сынды маңызды бағыттар кіреді. Бүгінде институтоналдық жағынан республика бойынша 209 жастар ресурстық орталығы ашылған, онда 3 мыңнан аса қызметкер жұмыс істейді деген дерек бар.



Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ: ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ МЕ?

Шиелі ауданы – 1875 дауыс

Сырдария ауданы – 1194 дауыс

Жалағаш ауданы – 1093 дауыс

Қармақшы ауданы – 791 дауыс

Жаңақорған ауданы – 607 дауыс

Қазалы ауданы – 554 дауыс

Арал ауданы – 356 дауыс

Айта кету керек, 2021 жылы елімізде жастар саны халықтың жалпы санының 20,2% құраған. Яғни 14 пен 29 жас аралығындағы 3,7 млн жас бар деген сөз. Барлық өңірде облыстық жастар ресурстық орталығы бар десек, аудандық орталықтардың әрқайсысы онымен тікелей байланыса отырып, жұмыс істейді. «Республиканың әр өңірінде стратегиялық сессиялар, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылып жүр. Басты мақсат – жергілікті жерлердегі жастардың проблемаларын, оларды шешу үшін қажетті нақты іс-қимылдарды анықтау. 2021 жылы «Жастар саясаты туралы» заңға өзгерістер енгізу көзделіп, соған орай Ұлттық баяндама әзірленді. 2020 жылғы Жастар ғылыми зерттеу орталығы қазақстандық жастардың топ-3 негізгі мәселесін атап көрсетті. Олар: жоғары білім, жұмыс және тұрғын үй мәселесі.

Өткен жылы тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Енді алдағы 30 жылда Қазақстан қалай дамиды деген мәселе толғандырады. Мемлекет тарапынан тікелей жастарға қатысты үлкен жобалар іске асырылды. Біз NEET санатындағы жастарды барлық салалардан, тараптардан зерттей басладық. Жастарға жауапты салада жүргендіктен үкіметке жастар саясатын дамытуға қатысты жаңа ұсыныстар айтып, қажетті шараларды талқылап отырамыз», – дейді ҚР Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Ш.Байманов. оның айтуынша, жастар ресурстық орталықтарын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспары әзірленген. Онда көптеген фактормен бірге кадрларды қайта даярлау мақсатында орталық қызметкерлерін оқыту, біліктілігін арттыру, жастармен сауатты жұмыс істеу үшін қосымша білім беру көзделген.

Атап өткеніміздей, жастардың мәселесі – мемлекеттік саясаттың маңызды нысаны. Себебі ертеңгі тарихты жасауың, болашақтың кірпішін бүгін құятын жастарды дамытып, қолдау да, елемей, жастық жалынын өшіру де өз қолымызда. Дегенмен осы бағытты қолға алған әр аудандағы жастар ресурстық орталықтарының іргелі, үздіксіз жұмысы көңіл қуантады. Осы орайда облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің редакциясы аудандық жастар ресурстық орталықтарына деген халық пікірін айқындау, орталық жұмысын қоғам көзқарасы арқылы екшеу

мақсатында сауалнама жүргізуді қолға алған еді. Сауалнама Қызылорда облысының аудандарындағы орталықтардың тиімділігі мен еңбектерінің нәтижесін айқындауға жол ашып, қоғаммен байланыс әдісін қайта қарауға ықпал етері сөзсіз.

3 маусымнан 17 маусым аралығына дейін жүргізілген сауалнама редакцияның ресми сайтында ашық жарияланды. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, барлығы 6470 адам дауыс беруге қатысқан. Соның ішінде Шиелі аудандық жастар ресурстық орталығы 1875 дауыс жинап, 29 процент көрсеткішпен топ жарып тұр. Одан кейінгі орынға Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығы 1194 дауыспен жайғасты. Үздік үштікті Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы 1093 дауыспен қорытындылады. Ал Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы 791 адамның қолдауына ие болды. Одан кейінгі орынға Жаңақорған аудандық жастар ресурстық орталығы 607 дауыспен орналаса, Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығы 554 дауыс жинады. Сауалнаманың қорытындысына сай Арал аудандық жастар ресурстық орталығы 356 дауыс жинап, көптің талқысына түскен үздіктер тізімін аяқтап тұр.

Фейсбук әлеуметтік желісінде үздік жастар ресурстық орталығын анықтау кезінде жастар мен өңір тұрғындары белсенділік танытып, қызу түрде пікір білдірді. 268 адам сауалнама туралы ақпарат жарияланған постқа лүпіл басса, барлығы 221 пікір жазылған. Соның ішінде Арал ауданындағы жастар ресурстық орталығының жұмысын жоғары бағалағандар көп. Жалағаш ауданындағы орталық та жақсы пікірлер легімен бір саты төменге орналасты. Қос ауданнан кейін ең көп жағымды пікір, елдің алғысын жинаған – Қазалы ауданындағы ЖРО. Мәселен, Қанат Ниетқұлов: «Жалындаған жастардан құралған Жалағаш ауданындағы ЖРО-ға сәттілік тілеймін. Мұндағы жастардың жетістіктері жоғары. Үнемі ізденіс үстінде жүреді» десе, Мархабат Дірісова есімді оқырман: «Қазалы аудандық жастар ресурстық орталығы өбден лайықты. Әр жұмысты сөзбен емес, іспен көрсететін қазалылық жастар жасасын! Алға басқан істерінің нәтижесінде қалалық жастар ресурстық орталығы да алғаш осы ауданда ашылды» деген пікір білдірген.

Ал Гүлбану Құлмашова есімді фб қолданушысы: «Аралдың жастары қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып жүр. Жас келсе, іске дегендей жалынды жастық қуатын туған жерге пайдасын тигізу жолына жұмсап жүрген аралдық жастарға сәттілік!» деп шынайы разылығын қоса жеткізді.

Топ бастап тұрған Шиелі ауданының жастар ресурстық орталығы екенін атап өттік. Ержан Әбдешев бастаған шиелілік жастар түрлі бағытта тынбай еңбек етіп келеді. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, тұрақтылықты нығайту және

діни экстремизмнің алдын алу мақсатында аудан көлемінде – 8 кездесу өткізіліп, барлығы 1200-нан астам жас белсенділік танытқан.

Ақпан айының 28 жұлдызынан бастап, Шиелі кенті және ауылдық округтерге қарасты мектептерде «Тұрғындар арасында діни экстремизм құбылыстарының алдын алу» және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында арнайы ақпараттық түсіндіру тобы мектеп оқушылары, түлектердің зияткерлік, шығармашылық, спорттық салада дамуынан бөлек түрлі мақсаттағы күменді оқу орындарында білім алмауын немесе тәрбиеленбеуін кездесу барысында түсіндірді.

Ал Жаңақорған ауданына қарасты ЖРО-ның ұйымдастыруымен жыл басынан бері барлығы 74 шара ұйымдастырылса, 1770 жас қоғам өміріне белсенді қатысқан. Оның ішінде мәдени шара, спорттық, қайырымдылық, рухани жаң-

да жыл басынан бері белсенділігімен көзге түсіп жүр. Жастарды бастап жүрген директор Абай Әбілбаевтың айтуынша, орталық 12 бағыт бойынша нақты жоба әзірлеп, нәтижесінде тұрақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Атап айтар болсақ, 15 сәуір ұлттық ғашықтар күніне орай жас отбасылылар арасында «LOVE STORY...» атты әлеуметтік желіде видеоролик байқауы ұйымдастырылып, орталық алаңда қала жастарының қатысуымен өткен мерекелік концерттік бағдарламада қорытындыланған. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай жас сарбаздарды ескер қатарына шығарып салдық. Бұл патриоттық тәрбиеге тікелей әсер ететін маңызды шара болса, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Балаларға базарлық» атты қайырымдылық марафонын ұйымдастырып, Аянат Алмасқызының еміне қаржылай көмек көрсете алдық. Айтулы күндерден

«Tanys bolaiyq» рубрикасы жүргізілуде. Қазіргі таңда 50-ге жуық жас таныстырылған.

Көптің қолдауына ие болған аудандық ұйымның бірі – қазалылық жастар ресурстық орталығы. Нұрбек Ақпанбетов басшылық ететін орталық қай бағытта да белсенділігін жоғалтқан емес. Мысалы, Балалар жылы аясында «Жаңа Дәуір – жаңа Қазақстан» тақырыбында жастар фестивалі ұйымдастырылды. Оған барлығы 187 жас қатыстырылып 6 бағытқа бөлінген. Нәтижесінде, жеңімпаздарға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің толық гранты және осы оқу орынының 50,25% жеңілдікпен оқитын сертификаттары, салаларына байланысты барлығы 500 мың теңгенің көлемінде қаржылай сыйақылар табыстанды. «Жылу сыйла жандарға» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға Әйтеке би кентінен 25 отбасыға және елді мекендерден 67 отбасыға барлығы 92 отбасыға қыстық отын жеткізіліп берілген. Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік жағдайы төмен 98 отбасыға қазалылық ерікті жастар қол көмек жұмысын ұсынған. Мұның бәрі – бекем бірліктің белгісі.

Ғани Оралов басшылық ететін Сырдария ауданының жастар орталығының зерттеуі бойынша, ауданның өзінде осы жылы 14 пен 29 жас аралығында 8144 жас бар екен. Аудан көлемінде қаңтар мен сәуір айлары аралығында 52 шара ұйымдастырылып, 1050 жас белсене араласып, өзіндік көзқарасын білдірген. Атап айтқанда, жастар арасында діни ағымдардың, құқықбұзушылықтың алдын алу, спорттық және қайырымдылық, интеллектуалды бағытта бірнеше шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, «Еріктілер штабы» жаынан азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек және тұрмыстық техниканы қабылдайтын «Қайырымды жандар бұрышы» құрылып, тұрғындардан жиналған заттар мұқтаж жандарға берілуде.

Келесі үздіктің бірі – Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы көшбасшы, айттыскер ақын Сырым Әділбековтың басшылығымен 2022 жылы түрлі тын бағытта 77 шара ұйымдастырылып 1500-ден аса жас қоғам өміріне белсене араласқан. Мысалы, шайыр Т.Ізгілеуовтың 140 жылдығына орай мектеп оқушыларымен Қармақшы аудандық кітапханасында экскурсия өткізілген. «30 игі іс» жобасы аясында, қаңтар оқигасына байланысты, блок бекеттердегі полиция қызметкерлеріне азық-түлік таратылды.

ғыру бағдарламасына қатысты, құқықбұзушылықтың алдын-алу, жастарға кеңес бағыттары қамтылды. Мәселен, Наурыз

мерекесі қарсаңында тұңғыш рет Жаңақорған ауданында «Наурыз қоржыны» әзірленіп, үйден оқитын жағдайы төмен отбасыдан шыққан балаларға сыйлық ретінде тарту етілген. ЖРО-ның директоры Наурызбай Ерікұлының бастамасы бойынша аудан жастары жан-жақтылығымен танылып келеді. Сәуір айында «Білгенімнен бөліс» жобасы қолға алынып, осы уақытқа дейін тігін, тоқыма, көлөнер курстарына 50-ден астам қыз-келіншектер қатысып, жаңа кәсіп түрлерін бейімделуде. Сонымен бірге «Тұлғалыққа бір қадам» кітап оқу байғесі ұйымдастырылып, оған 400-ден астам кітап оқырмандары қатысты. Жеңімпаздар түрлі пайдалы курстарға арналған абонементтермен марапатталған.

Арал ауданының жастары

бөлек жастардың тәрбиесіне, тұлғалық дамуына қатысты шаралар, кездесулер өткізіліп жүр. Әр шарада – мән бар», – дейді Абай Сәкенұлы.

Жалағаштық жастар орталығын 2021 жылдың 1 маусымынан бастап Нұржан Аманжол сыйды көшбасшы басқарып келеді. Айта кету керек, аудан жастары еңбектің наны төтті екенін бірлесе жасаған игі істерінен аңғаруда. Мәселен, Ұлыстың ұлы күні мерекесі қарсаңында С.Мұқашев демалыс саябағында аудан жастарының қатысуымен «Бір тал кескен, он тал екі!» акциясы өткізіліп, аудан жастары 40 түп ағаш көшеттерін отырғызып, аудан аярынан айрандыруға белсенділік танытты.

Шетелде немесе еліміздің басқа аймақтарында өз саласы бойынша белсенділік танытып, абыройлы қызмет атқарып жүрген ауданның 35 жасқа дейінгі жастарын насихаттау мақсатында

P.S. Көріп тұрғанымыздай, сауалнаманың мақсаты аудан ауданда бөліп, кім мықты, кім әлсіз деп топтастыру емес. Бір ғана сауалнама, әлеуметтік желідегі пікір алмасуымызда 7 ауданның да өзінше жастар саясатына қолдау білдіріп, жастардың рухани, тұлғалық, физикалық, құндылықтар тұрғысынан дамуына даңғыл жолды кішкентай қадамдардан бастап жатқанына куә болдық. Жастар ресурстық орталығы жеткілікті, енді ұлы мақсатты ұстанған жастардың қандай дүниелер жасап жүргенін біліп, айтып, танытып жүрсек дейміз. Болар елдің баласы бірін бірі батыр демей ме?..

Дина БӨКЕБАЙ

ЖУРНАЛИСТІҢ МӘРТЕБЕСІ ҚАЙТА ҚАРАЛА МА?



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурызда жариялаған Жолдауында тілшілердің көңілдегі түйткілді шешу үшін журналистика саласына реформа жасау, аталған сала өкілдерінің мәртебесі туралы сөз қозғайды. «Бұл – өте өзекті мәселе. Мәселені жақсылап тұрып қарауымыз керек. Егер қажет болса, мен Үкіметке тиісті тапсырма беремін. Келешекте журналистердің мәртебесі туралы заңды қабылдаймыз. Не болмаса, мен өзім президент ретінде шешім шығарамын», – деді мемлекет басшысы. Жолдауда бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі мен журналистер жауапкершілігін жоғары бағалайтын реформа жасау – БАҚ туралы заңға өзгеріс енгізу жөнінде бастама көтерілуін өрілестері қуана қабылдағаны анық. Осы орайда жаңа заңнама, өзгерістер жайлы кәсіби мамандардың өзімен пікір алмасқан едік.

Айта кету керек, осыған дейін де бұл мәселе ұсынылып, айтылып жүр. «Жалғыздың үні шықпас» дегендей әр жында төбе көрсеткен жалғыздардың жанайқайы естілмеген сынды.

Мәселен, өткен жылы ҚР Парламент Сенатының отырысында депутат, журналист Нұртерте Жүсіп журналист мәртебесі туралы арнайы заң қабылдауды ұсынып, Премьер-Министрдің атына депутаттық сауал жолдаған еді.

«Жүздеген мың қол өскерге қарағанда төрт газеттің жауға ойсырата соққы беру мүмкіндігі жоғары» дейді өйгілі Наполеон Бонопарт. Бүгінгі таңда Қазақстанда өкі жарым мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейтін ескерсек, әрқайсысы өзінше бөлек күшке ие қоғамның барометрі. Алтыдағы баладан алпыстағы қартқа дейін «ақпаратты тұтынушы», таратушы, жалпы қолданушы ретінде тікелей әсер етуші болсақ та, кәсіби маман – журналисттер артылар жауапкершілік жүгі жеңіл емес. Журналист бұқараның алдында бөделді. Ал бұл салаға биліктің көзқарасы қандай? Журналистерге жағдай жасалып жүр ме? Заңды тұрғыда реформа қашан жасалмақ?

«Еліміздегі БАҚ туралы заңда және Еңбек кодексіне журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. Анығырақ айтсақ, БАҚ туралы заңның 20-бабындағы 10 құқығы мен 21-бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодексіне мәртебе жөнінде бір ауыз сөз, тіпті, журналистердің еңбек ету құқығы деген бөлім де жоқ.

Отандық масс-медиа Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының пәрменді құралы болуы тиіс. Журналистерге сот, прокуратура, ішкі істер, адвокат, нотариус сияқты нақты мәртебе беретін кез келді. Ақпарат саласын дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық жоспарын жандан жасау қажет. БАҚ-ты ықпалсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан журналистерді арнайы әлеуметтік мәртебе арқылы қолдауды ұсынамыз. Ол үшін Журналист мәртебесі туралы арнайы заң қабылдау қажет деп ойлаймын», – деді депутат.

Жазушы, журналист Марат Тоқашбаев журналистердің қазіргі таңдағы мәртебесі жайында өзінің фейсбуктағы парақшасында жазба қалдырыпты.

– Кез келген елдегі демократияның деңгейін ондағы бұқаралық ақпарат құралдарына деген мемлекеттің көзқарасынан, ұстанымынан байқауға болады. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы

жылдарында журналист сөзі қадімгідей бағаланатын. Небір тасырлардың өзі аяғын тартып басатын. 1995 жылдары мемлекеттік қызметкер деген ұғым шықты. Мемлекеттің сойылын соғып тұрса да оған журналист қауымы жолатылған жоқ. Тіпті, мемлекеттік басылымдардың журналистері де бұл тізбеден тысқары ысырылды. Сөйтіп БАҚ өкілдері біртіндеп «төртінші билік» болмақ түгілі алдыңғы үш биліктің босағасынан сығалай алмай қалды. Бұған әлбетте еліміздегі биліктің авторитарлық формасы ықпал еткені анық.

Бүгінгі билік трансформациясы жүріп жатқан тұста жаңадан президент болып сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайлаудан тұғырнамасында мойына «Қоғамның демократиялануы үшін жауапкершілік аламын» деп мәлімдеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалысыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін арнайы әлеуметтік мәртебе (статус) арқылы қолдауды әрі қорғауды ұсынамын. Керші Ресейдің өзінде Ресей Журналистер Одағының бастамасымен журналистерге мобилдік байланыс, көлік, қонақ үй, несие алуға жеңілдіктер жасау туралы мәселелер көтеріліп жатыр.

Осындай жағдайларды ескере отырып, Қазақстанда аудандық, облыстық, республикалық БАҚ-та жұмыс істейтін журналистерге ең болмаса, сол деңгейде белгілі бір жеңілдіктер қарастырылса, оңды қадам болар еді, – дейді ол жазбасында.

Иә, «мылқаудың тілін анасы ғана түсінсе», тілшінің мұңын тілшіден артық ешкім түсінбейді. Қаламына, жазуға серт еткен жанға ешқандай атақ та, марапат та қажет болмайтыны анық. Алайда елдің алғысын алып, ақты ақ, қараны қара деп жүрген, айтары бар азаматтар мен азаматшалаарға мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілетінін ойланарлық дүние. Сан көбейсе, сапа да артады деген түсінік те қате. Дегенмен сан мен сапа сай келсе, материалдық, әлеуметтік тұрғыдан «орны» бекітілген журналист сендіріп бірнеше жұмыс істеуге мәжбүр болмайды, бар жаныман ақ парақ пен қаламына адал болады.

Ал отандық медиа саласын дамыту үшін қандай өзгеріс қажет деген сұраққа республикалық «Дат» басылымының бас редакторы Ермұрат Бапи: «Оқырман, тыңдарман және көрермен үшін құрмет. Басты критерий – осы. Барлық медиа үшін тең жағдай қалыптасқан кезде БАҚ-тың бағы ашылады: сұранысқа ие болғаны жан бағын кетеді, тұтынушының талабына сай келмегені жалпылан тынады», – дейді.

Дина
БЕКБЕБІ

Туған жерден түлеген талай жастың тасада қалмай, «елінің өлеуісі, халқының қалауысы» болып жүргеніне сырбойылықтар дәлел. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары да ел болашағына үлесін қосып, өкесінің емес, адамның баласы болуға ұмтылған азаматтар баршылық. Соның бірі – қазыналы Қазалы ауданының тумасы, «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС Стратегиялық дамыту қызметінің жетекшісі, «Мәдениет қайраткері», түрлі өнерді бір бойына жиган радиожурналист, диктор Мұхамедияр Рашаймен сұхбаттасудың реті түсті.

– Бала Мұхамедияр туралы айтып өтсеңіз...

– Балалық шағым ауылда өтті. Мектепке балалармен бірдей 1 қыркүйек күні бармай, 24-інде алғаш партаны отырағаным есімде. Кешігіп баруыма себеп жасының жетпеуі болатын. Ата-анам «кеңді балабақшаға бармаймын» деп қығылық салыппын.

Білім ордасында гуманитарлық пәндерге жақын болдым. Қазақ әдебиетінен сабақ берген Нәзие апайымды ерекше атап өткім келеді. Менің шығармашылық қабілетімді пайымдап, болашақ мамандыққа бағыттаған сол кісі еді. Жалпы осы күнге дейін қандай да бір биік дәрежеге, абыройға ие болсам, соның бәрі ауылдағы ұстаздарымның арқасы.

Қазалы ауданына ғана емес, республикаға танымал Ізеевтер әулетіндегі Айзада Шамшырақызы. Ол кісі түрлі облыстық, республикалық байқауларға апарып, ауыл баласының жарыққа шығуына мұрындық болғанымен қоса, маған микрофон, сәлеммен жұмыс істеуді үйретті. Мектептегі, өнердегі аулы ұстаздарыма алғысым шексіз.

– Тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі Қазақстанды қалай сипаттауға болады?

– Тәуелсіздіктің құрдасы болмасам да, сол тұста ес

бетпе-бет» деген жобаларды іске асырдық. «Абай» арнасындағы «Жәдігер» деп аталатын 60 сериялық жобаны түсіріп, халыққа ұсынудамыз. Қазіргі сәтте «XXI ғасыр көшбасшысы» сынды интеллектуалдық бағдарламаға жетекшімін.

– Қазақ тіран ұлт емес сияқты. Бірақ неге тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалар, өйелдерге жәбір көрсету үдемесе, тоқтамай тұр?

– Жаңа ұрпақ ақпарат айдынында өмір сүруде. Зорлық-зомбылықтың көп болып көрінуіне әлеуметтік желіде түрлі ақпараттардың жылдам таралуы да әсерін тигізуде. Сонымен бірге отбасында «ен», «ата-ана» институтының жоғалып бара жатқаны да бір себеп. Осындай отбасылық құндылықтарды қайтармасақ, тіранға айналамыз. Ғалымдар отбасы институтын зерттеп, осы бір мәселенің шешілу жолдарын ұсынуы тиіс. Тәрбие мен отбасы құндылықтарын қайта қарауымыз қажет.



СЫЙЛАҒЫМ

Абай сипаттаған қазақ өзгере қоймаған сияқты.

Бүгінгі қазақ қоғамы

бір сөзбен сипаттасаныз...

– Қазіргі қазақ қоғамы үлкен өзгерістердің үстінде. Біз дестүрлі өмір сүру салтымызды заманауи үрдіске лайықтап, кей тұсын өзімізге сіндіре алмай, кей тұста асып кетіп жатқанымыз жасырын емес. Қазақ қоғамы «алтын ортаны» таба алмай жатқандай боп көрінеді. Бірақ алдағы көштің дұрыс бағытқа жүретініне сенімім мол. Өйткені, тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұрпақты ойлауы, қабылдауы басқа. Тек аға буын соны бір қалпына салып жіберсе, өзгерген, сауатты, саналы қазақ қоғамы қалыптасады. Қазіргі жастардың атқарған істерін көріп, сүйсініп отырамын.

«Кездерінде от ойнар. Сөздерінде жалын бар. Жанан қымбат олағра ар. Мен жастарға сенемін!» – деген Мағжанға мен жастарға сенемін. Тек тұтас мемлекет болып жастарды қолдау керек.

– Қазір немен айналысып жүрсіз?

Соңғы уақытта телевизиялық жобалар, деректі фильмдермен айналысудамын. Басөзге қабілетті жастарды іріктейтін бағдарламаларды жасауға көңіл бөлуімде. Осы бағытта ізденіс үстіндеміз. Тың жаңалық ашу мақсат емес, бастысы, көшке қосар толқын, жастар білімді болса, соларды ертерек көпшіліктің, қоғамның алдына алып шықсақ деген ниет бар. Таланты, білімді жастарға мүмкіндік сыйласақ, одан артық мәртебе жоқ.

– Өңіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Аделина МӘДІЛХАН

ҮЗДІКТЕРГЕ 500 МЫҢ ТЕҢГЕ ТАБЫСТАЛДЫ



Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Сыр төрінде салтанатты шара өтіп, аймақтың бірқатар дәрігері құрмет төрінде табылды.

Мерейлі шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, абзал жандарды мерекелен құттықтады. Содан соң 70-тен астам дәрігерге түрлі дәрежедегі марапаттар табысталды. Оның ішінде 11 маман «Еңбек ардагері» медалімен, 19 азамат «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталса, 22-сі «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісін иеленді. Ал «Алтын дәрігер» төсбелгісін №1 қалалық емханасының дәрігер-педиатры, медицина саласының ардагері Бибізат Бермаханова кеудесіне тақты.

Медицина қызметкерлерінің дәстүрлі спартакиадасының жеңімпазы атанған облыстық психикалық денсаулық орталығы 200 мың теңгенің сертификатын олжалады. Сондай-ақ «Медицина үздіктеріне» 500 мың теңге сертификат берілді.

Мерекелік шарада дәрігерлер әріптестеріне деген жүрекжарды тілегін өмінен көмкерді. Ал белгілі әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіқалықова ақ халаттыларға ақ тілегін арнап, Сыр төрін әнге бөледі.

ҒАНИ СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛЕДІ



Орталық Азия және Шығыс жастарының жалынды жетекшісі, қасиетті Қазалы топырағында дүниеге келген Ғани Мұратбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай Қазалы ауданында республикалық деңгейде байқау өткізілмек.

Бұл үшін белсенді жастар арасында іріктеу жарияланды. Мақсат – патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан, өз саласында жетістіктерімен көзге түсіп жүрген жас дарындарды қолдау, қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың өнегесін ескелең ұрпаққа дәріптеу, кеңінен насихаттау.

Байқауға Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі жоғары, кәсіби жетістіктері бар азаматтары қатыса алады. Сыйлық иелерін анықтау және сыйлықтарды тағайындау комиссия шешімімен жүзеге асырылады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, құжаттарды қабылдау маусым айының 30-на дейін жалғасады. Жеңімпаздар 12 тамыз – Халықаралық жастар күнінде марапатталмақ. Сыйлық мөлшері – 120 мың теңге. Қосымша ақпаратты 8/724 38/ 79-2-80, /6920, 6921, 6922/ байланыс нөмірі бойынша немесе Ж.Нұрмұхамедұлы көшесі №130, Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратының 2 қабатында орналасқан «Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне алуға болады.

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС



Жұмыс іздеп жүрген жастарға тиімді табыс көзі бола алатын арнайы мемлекеттік бағдарламалар бар. Бұдан бөлек, жұмыс жәрмеңкесінің көмегі зор. Тіпті, қазір ол онлайн форматта да қолжетімді.

27-29 маусымда Еңбек.kz порталында Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 10:00-ден 17:00-ге дейін бос орындар жәрмеңкесі өтпек. Қатысу үшін өтініш беруші Еңбек.kz порталында тіркеліп, сауалнаманы толтырып, өтінім жіберуі қажет.

Тіркелу 2022 жылдың 20 маусымында басталады. Шарада «Самұрық Қазына» корпоративтік университетінің спикерлері «Тиімді жұмыс іздеу» шеберлік сағатын өткізеді. Ал ізденушіге электрондық поштаға жәрмеңкеге қатысуға шақыру хат және ZOOM онлайн трансляциясына сілтеме жіберіледі.

Онлайн сұхбатқа қатыспаған үміткерлер түйіндемелі жұмыс берушінің HR қызметімен қарау үшін электрондық поштасына жібере алады.

ЗАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Жұмыскерге жұмыс істеген алғашқы жалдары жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша кез келген уақытта беріледі.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша бөліктерге бөлінуі мүмкін. Бұл ретте жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы бөліктерінің бірі күнтізбелік он төрт күннен кем болмауға тиіс.

Қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы негізгі жұмысы бойынша демалыспен бір мезгілде беріледі.

Егер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығы негізгі жұмысы бойынша демалыстың ұзақтығынан аз болса, жұмыс беруші қоса атқарушы жұмыскердің өтініші бойынша оған демалыс ұзақтығының айырмасын құрайтын күндерге жалақы сақталмайтын демалыс береді.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы берілген кезде (Еңбек кодексінің 91-бабы): нақты жұмыс істелген уақыт; жұмыскер нақты жұмыс істемеген, бірақ оның жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысы толық немесе ішінара сақталған уақыт; жұмыскер еңбекке уақытша қабілетсіздігіне байланысты нақты жұмыс істемеген уақыт, оның ішінде жұктілігіне және босануына байланысты демалыста болған уақыт; жұмыскер жұмысына қайта алыну алдында нақты жұмыс істемеген уақыт еңбек өтіліне қосылады.

Жұмыс жылының ішіндегі жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы

сының күндерін нақты айқындайтын еңбек өтіліне жоғарыда көрсетілген уақыт кезеңдері есепке алынады. Ал жалақы сақталмайтын демалыста болған уақыт жоғарыда аталған еңбек өтіліне қосылмайды.

Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берудің кезектілігі жұмыскерлер пікірін ескере отырып бекітетін демалыстар кестесіне сәйкес айқындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыстар кестесінен тыс белгіленеді. Еңбек заңнамасында жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында келісім бойынша демалыстар кестесінен тыс жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беру мүмкіндігі қарастырылған.

Егер демалыс кестесі өндірістік қажеттілікке байланысты өзгертілген жағдайда жұмыс беруші бұл туралы жұмыскерге еңбек демалысы басталардан кемінде екі апта бұрын хабардар етуге міндетті.

Еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға міндетті. ҚР Еңбек заңнамасына сәйкес, пайдаланылмаған жыл сайынғы

Еңбек заңнамасына сәйкес, жұмыскердің тынығуға, оның ішінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына шығуға құқығы бар. Еңбек демалыстарының кезеңін айқындау және оларды беру тәртібі Еңбек кодексінің 92-бабымен реттеледі.

еңбек демалысын не оның бір бөлігін қатарынан екі жыл бойы бермеуге тыйым салынған. Жұмыс беруші жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын не оның бір бөлігін қатарынан екі жыл бойы бермеген жағдайда, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 88-бабына сәйкес, әкімшілік жауапқа тартылады.

Д.БЕКТҰРСЫНОВ, облыстық бақылау жөніндегі басқарманың бас маманы, мемлекеттік еңбек инспекторы

САҚТЫҚ МАҢЫЗДІ

Орман – жер бетіндегі табиғи қордың бірі. Бір-біріне жақын өскен ағаштардың бірнеше түрі қатар тұру арқылы аймаққа әр беріп тұратын табиғи көшен. Адамдарға өмдік әсер ететін, күш пен қайратын қалпына келтіретін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өртүрлілігінен эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік беретін денсаулық қоймасы. Жасыл желек арасында, қаланың қапырығы мен шаңы, мазаны алар шуы жоқ таза ауада дем алуға болады. Гүл мен шөптің жұпар иісі, құстардың сайраған дауысы мен табиғаттың өзге сұлулығы да адам баласына ерекше әсер береді. Ал осы кереметтің бәрі бір сәтте аяусыз жойылуы мүмкін.

Орман не тоғайдағы өрт абайсызда жағылған от, сөнбей қалған шөк, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан пайда болады.

Сондай-ақ кейбір азаматтардың табиғат аясындағы демалыс кезінде жаққан бақылаусыз қалған от алауларының толық өшірілмеуі, сөнбеген темекі қалдықтары, құрғақ шөптің маңайында қалған шыны бөтелкелердің әсерінен де тұтанады. Көбінесе құрғақшылық кезеңдерде, өрте көктем мен күз мезгілінің аралығында пайда болатын апат.

Мемлекеттік орман қоры жерлерімен іргелес орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын егістік алқаптардағы

жанатын өрттердің бақылаусыз қалуынан да өрт пайда болады.

Өрт – тілсіз жау. Дала және орман өрттері қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зардабын тигізеді. Ағаш қорын кемітумен қатар, оның өсуін нашарлатады. Жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынығыш келеді. Өрі өрттің желдің күшіне, бағытына қарай өршітіні белгілі.

Биыл облыстық төтенше жағдайлар қарасты Арал аудандық №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшесімен бірлескен «Орман және дала өрттерін жою» тақырыбында оқу-жаттығу шарасы өтті. Барлық керекті

техника мен өртке қарсы құрал-саймандармен бірге от шығу қаупі жоғары маусым кезінде «Барсақелмес» қорығы аумағында күшейтілген режимде болған бұл шараның маңызы ерекше. Арал аудандық төтенше жағдайлар бөлімшесі мен аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі және «Барсақелмес» мемлекеттік табиғи қорығы бірлесіп атқарған оқу-жаттығу жұмыстары жыл сайын жоспарлы түрде өтуде.

ӨРТІ БОЛДЫРМАУ – ӨЗІМІЗДЕН

Қорыта айтсақ, табиғат аясындағы демалыста немесе басқа да уақыттарда өрт қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, өрт байқалған жағдайда құзырлы органдарға ертерек хабарлап, оның таралмауына ықпал жасау әрбір азаматтың міндеті екенін ұмытпауымыз керек.

Ғалымжан БАЗАРБАЕВ, «Барсақелмес» мемлекеттік табиғи қорығы мемлекеттік мекемесінің күзет бөлімінің басшысы



Сезімім менің – басты кейіпкер,
Жүректің хақын өтер ем.
Көзіңнен тамған жасты құйып бер,
Сен үшін көзе көтерем!

Сағыныш иісін тек естен кетті,
Төбемде қара бұлт тұрмақ.
Ал-қызыл шарап өңештен өтті,
Сенің жасыңдай құл-құрғақ.

Құдайда қойған, бәсе, ойлап бәрін,
Қателіктерден сіз ада.
Мен бүгін қатты масайрап қалдым,
Масайрап қалдым ызаға.

Жырымды тынбай жаттап ең күнім,
Ернімде өлең күнде еріп.
Құдайға сені мақтап ем бүгін
Тілім де қалды күрмеліп.

Сендік қасірет тәнін жалмады-ау,
Жаның жалмады-ау және аздай.
Біздің дұғалар қабыл болмады-ау,
Ниятсіз қылған намаздай.

Санама ойлар сақталып кетті,
Сезімге жүрсем құр шөлдеп.
Мұнымды менің ақтарып кетті
Ақтарып кетті бір шөлмең.

Уәделеріңнің күні шертпіді,
Айналысың бәрі, бәрі отқа.
Мен бүгін сенің ұлы шертпіді,
Айырбададым шарапқа.



Әлі АҚҚАР

18 мың ғаламшар,
Жерде – Мекке
Көкте – Аршы.
Барлық істің бастауында – бір Құдай
Бір құдайды тани алсын кім бұлай?
Төбем көкті тірер шақта мұң артып,
Бас сауғалап кеткенім не, құрғыр-ай?

18 мың ғаламшар,
Жүректе-лаң,
Толқыныс.
Зәрең кетсе, зәр түбіне қорқыныш.
Жауабы жоқ, сұрағы көп өмірден
Сұрағының жауабы бар, өкініш.

18 мың ғаламшар,
Түсінісіз бір әлем,
Өз-дертімен арпалысқан ақындар.
Ақындарша Тәңірге айтар датым бар:
Сәби көңіл жүрегіміз бер маған,
Сол жүрегім дүрсін қақсын сәтімде ер.

18 мың ғаламшар,
Өр басымда қан сасыған күнәм бар.
Тәңіріме тағзым етпей,
Не етейін?..
Кетпес бұрын парызымды өтейін,
Мен өлеңнен кейін келдім өмірге
Мен өлеңнен бұрын өліп кетейін.

18 мың ғаламда
Тұғыр іздеп сенделмедім төрден мен,
Өлең мәңгі, менің тәнім өлгенмен.
Сәуле-тұмыр, сарандығын танытса,
Суырып ал жүрегімді кеудемнен!

КӨЗІҢНЕН ТАМҒАН ЖАСТЫ ҚҰЙЫП БЕР

«Өмірдің бір
қызығы – бала
деген» – деп айтып
кеткен Абай тәмілі
бүгінгі заманның
өзекті мәселесін
көрсетіп
отыр. Бір

жылы Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұйрығымен
«Аңсаған сәби» атты ЭКО бағдарлама
іске қосылды. Бағдарлама белген
квота саны осыған дейін өзге
экстракорпоралды ұрықтандыру
орталықтары бөліп
жүрген квота
санымен салыс-
тырғанда 7
есеге дейін
өсті. Яғни,
осыған
дейін
жылы-

«АҢСАҒАН СӘБИ» –
БАҚЫТ БАСТАУЫ

шаңырақ астына
бас қосып, өз алдына
бөлек отау құрған екі жастың
ендігі арманы – бала сүю, артына
ұрпақ қалдыру екені анық. Одан
бөлек, қазам салт жас отбасының
тезірек сәбилі болғанын күтеді.
Елімізде жас сәбидің былдырлаған
үні мен сыңғырлаған күлкісін зарыға
аңсап жүрген қаншама отбасы
бар. Статистикалық мәліметке
сүйенсек, Қазақстандағы әрбір
алтыншы жұп сәби сүйе алмайды
өкен. Сәйкесінше, еліміздегі
ажырасулардың бірден-бір себебі де
осы бала сүйе алмау мәселесі болып
отыр.

Бүгінде қоғам дертіне
айналған өзекті мәселені шешу
мақсатында құрылған 20-дан астам
экстракорпоралды ұрықтандыру
орталықтары жұмыс істейді. Олардың
басым көпшілігі жекеменшік мекемелер.
Халыққа қолжетімді екінші мүмкіндік
беру мақсатында былтыр, яғни 2021

арқылы бала сүю мүмкіндігіне ие бола
алады. Іске қосылғанына көп уақыт
өтпесе де жаңа бағдарламаның жемісті
көрсеткіштері көп күтілген жоқ. Бөлінген
әрбір квота текке кетпеді. Мәселен, өткен
еліміздің солтүстік өңіріне бөлінген 217
квотаны иеленген әйелдердің ішінде 110
әйел оң нәтижеге қол жеткізді. Биылғы
жылдың өзінде бұл өңірде аталған
бағдарлама квотасы арқылы 40-тан астам
сәби дүниеге келген. «Аңсаған сәби»
бағдарламасының ЭКО квотасына кез
келген бала сүйе алмай жүрген заңды
және азаматтық некедегі жұптар мен
жалғызбасты әйелдер өтініш білдіре
алады.

Әрбір ата-ана өміріне мән кіргізер сәби
сүюге құқылы. Денсаулық жағдайына
байланысты бала сүйе алмайтын жұптар
үшін «Аңсаған сәби» бағдарламасы
таптырмас әрі қолжетімді мүмкіндік.

Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ

Ие, бүгінде тұғырлы Тәуелсіздігімізге
30 жыл толды. Егемендігімізді алып,
ел болып өсіп-өніп келеміз. Ата-бабаның
асқақ арманы, қаншама еңбек пен
тер. Ұзағынан сүйіндірсін, шүкір демей
не дейсіз?! Ежелден ата-бабамыз
қан төгіп, М.Шоқай, А.Байтұрсынов,
М.Дулат өмірін құрбан етіп, Бауыржан
мен Әлияның Отан қорғауы, Қайрат
пен Ләззаттың жалындаған жастық
шағын қиюы – ұлт болашағы үшін
жасалған қадам. Аталған тұлғалардың
бір ғана мақсаты, арманы егемендік
емес пе еді?! Қиындық пен қасіретін
қатар алып келген Тәуелсіздік мәңгілік
жүрегімізде сақталды.

Ие, еске түсірсек естеліктер сыр
шерттеді. Рас!

Кезінде 6 миллион қазақты
азаттыққа шақырған көзі ашық, көкірегі
оғу жандарға да қаншама қысым
жасалды. Қарапайым
халыққа пайдасын
тигізуге ешқандай
мүмкіндік бермеді.
Олар ел үшін еш
үміт үзбеді. Елдің
болашағы үшін
батылдықтың үлгісін
көрсете білді.
Азаттық жо-
лында халық
мүддесі үшін
күш-жігерін
аямайтын
азаматтар
суырылып
алға шықты.

Тәуелсіздік –
тәтті сый



А.Байтұрсынұлы,
М.Дулатов Алаш
идеясын, бірлігін
бекемдей түсті.
Міржақыптың өлең
жолдары қазақтың
жүрегіне сенім мен

қайсарлық ұялатқан еді.
«Бұйырған кетпейді» дегендей,
бұл күннің ауылы да алыс
болмаған екен.Желтоқсан. Желі
ызғарлы желтоқсан. Қайратдың
жас құлындай тулаған жүрегінде
Тәуелсіздік оты жалындады.
Талай жастар қыршынан қиылды.
Жалындап тұрған жастар азаттық
жолында құрбан болды. Елді
өзгенің қолына бермейміз деп
шыр-пыр болған батырлар ерлігі
ел есінде. Темір торға қамағанда,
ананы баладан айырағанда қазақ
қазақ болып қала берді.

1991 жыл Тәуелсіз ел болдық.
Егемендік алдық. Азат болдық. Ата-
бабаның асқақ арманы орындалып,
көк байрағымыз көкте қалықтады.
Қыран бүркіт биік ұшып, салт-
дәстүрімізді құрметтеп, тіршіліктің
тереңіне бойлап, қазақ екенімізді
сезіндік. Бәрі артта қалды.Ең үлкен
сыйға ие болдық. Бақытты ел болып,
еркіндіктің тәтті дәмін сезініп келе
жатырмыз. Бір шаңырақ
астында өмір
сүріп

жатырмыз.
Қиындық та,
қуаныш та қатар
келеді, бірақ біз
бәрін жеңіп келеміз.
Қазақ халқының
жеткен жетістігі осы.
Талай майданда тер төккен
әрбір қазақтың еңбегі ақталды.
Халқымыздың талантты ұл-қызын
дүниежүзі тани бастады. Алтын
ғасырдың табалдырығын аттап,
ата-бабадан қалған аманатқа ие
болдық.
Елге деген сүйіспеншілік,
қанымызда бар. Еңсесі биік, тұғырлы
тәуелсіз мемлекет болғанымыз үшін
бәріне шексіз алғыс. Тәуелсіздік
тәңірден келге үлкен
сый және осындай бақытқа себепші
болған жандар ешқашан ұмытыл-
майды.
Зайырлы, тәуелсіз елдің азаматы
ретінде еліміздің ертеңі үшін тер
төгіміз.

Шаттық АХЕТОВА,
№ 189 мектептің оқушысы

ӨН
Түнек түйсігім тоңазып торланған
күннен,
Сандаптады ма санамды сор бағып
жүрген?
Түннің тылсымын қаңғыған иттер
біледі,
Көшелерінде қаланың өкшелеп
үрген.
Тамшы тығылды тас
жолдың тесік төсіне,
Бүркіген жаңбыр
ұлданбас бұйрық ісіне,
Секундтар сайын
сенделіп, сіңіп барамын,
Шұлы шаһарда төселген
тобыр ішіне.
Ғашықтар келеді(!) тоя
алмай сүйіске кілең,
Мына жас жігіт анау
бір мүйіске кірер.
Мастық күші мен
жастықтың буына пісіп,
Пенделер шықты
кірлеген пейзажына.
Тұсынан өттім тұр-таныс
терезелердің,
Қою түнімнің өліара кезіне
келдім.
Қараңғылыққа бір ару батып
барады,
Менің де келді інесін ізіне
ергім...

АДАСҚАҚ

Күтханаларда
әкейлер жағуда шырақ,
Азан шақырды момақан
мешіттер жылап.
Есік алдында ертемен қайыршы
жүрді,
Құдайдан тілеп нан-суын, адамнан
сұрап.

Меңіреу жер жылауық қыз жасын
жұтып алады,
Етегіне жасы құлап өңіреп,
Жүгіреді ол жеңілген,
Жалғыздығы қылғындырып сатқын
түннің салқынына қамады,
Ессіздігі шыңғырады ернінен.
Сандырақтап көшеде,
Есіненген ауыр ойлар еңгеріп,
Тамырынан темекіге тер беріп,
Кітаптардың көлеңкесін көтеріп,
Еленбеген еңбектерге терлеген
бір ақын,
Өзен жаққа жалғыз кетіп барады...
Өз өтірігін өлеңіне салық қып,
Жан досы жоқ жамыраған қалада,
Жалғыздықпен кездесуден
Бозбаланың сәлемін ботана бұлт
ала кетті сонау ақбас тау жаққа!

Жасып қала қазір қайта сарғайған,
Көңілі күзге соқтыққан,
Жапырақтар өлеңге қатты ұқсайды,
Өліп қалған жоқтықта,
Қыздың жасы,
Сандырағы ақынның,
Сағынышы баланың,
Жапырағы күз сарғайтқан қаланың...

Жоғалған жолдардан жөн сұрап,
Бағытсыз сенделген бәдәуі секілді,
Тізесін құшақтап жылаған түндердей
қыңсылап,
Адасқақ ойларым мазамды кетірді.
Сынық ай әлемге шашылған сәулесін
жинауға ұмтылған,
Ол солай түндердің тұңығын
бүлдірген,
Мүмкін, ол парақ па қасиетті кітаптан
жыртылған,
Түзеуге келмейтін кім білген?
Тәкәппар қалаңның қақпасын ашуға
тырысқам,
Жауынгер сияқты арудың жұпарын
аңсаған қажыған ұрыстан,
Жатудан шаршаған көшелер
қарсылап,
Көрі үйлер шығарып салады қуыстан.
Тағы бір ауыр түн өткенде бұл қала
қалар ма дүмсыз,
Пенделер ұйқыға кеткенде ең ұлы
Суретші үнсіз!

Ақтілеу ҚАЛДЫБАЙ

ЕКІ ҚУЫРШАҚ

Ертеде он саусағынан өнер тамған шебер екі әдемі қуыршақ жасап шығарады. Олардың әдемілігіне сөз жоқ, бірінен-бірі өткен сұлу еді. Шебер екі қуыршағын бос келісіммен деп шағын дүкеніне апарып қояды. Жарық терезені алдындағы сөреге орналастырған екі қуыршаққа сол сөтте жан біткен екен.

Ақ көйлекті қуыршақ әсем табиғатқа қарап мээ болады. Ал көк көйлектісі әйнектегі өз сұлулығына сүйенеді. Дүкенге келген адамдардың бәрі қуыршақтардың сұлулығына қызықпай өтпейтін. Адамдардың өзіне ауған назарын ұнатқан көк көйлекті қуыршақ осы дүкенде мәңгі қалып, бәрі таң қалдыра беруді тіледі. Ал ақ көйлекті қуыршақтың тілегі – әйнектің арғы жағындағы әлемге апаратын бір адамның қуыршағы болу еді.



Екі қуыршақ та іштей өз тілектеріні қайталаудан тынған жоқ. Көк көйлекті қуыршақ адамдар қызыққан сабын мәңгі осылай сұлу қалпында тұруды мақсат етті. Келесісі адамдар өмірінің бір бөлігі болуды қалады. Арада көп ұзамай дүкенге үш-төрт жасар қызын ерктен әйел келді. Әйел тоқыма жіп алып жатқанда кішкентай қыз ел қуыршақты айналыштып жүреді. Өзіне адам жақындағанын жақтырмаған көк көйлекті қуыршақ «маған тиіспес» деп қабағын түгіл алады. Кішкентай қыздың қылығына сүйсіненіп ақ көйлекті бастайды.

қуыршақ оған күлімсірей қарайды. Кішкентай қыз жүзі жылы қуыршаққа ұмтылды. Сол күні кішкентай қыз күлімдеген қуыршақты сатып алады. «Адамдардың қолында қор болғанына, сұлулығымды бұзбай тұра бергімем жақсы» деп көк көйлекті қуыршақ ойын өзгертпеді. Күн бойы келушілерді тәтті өткен қуыршақ қасына адам жоласа қабағын түйіп алатын. Солай оны ешкім сатып алған жоқ. Бір күні көк көйлекті қуыршақ терезеден бұрынғы ақ көйлекті құрбысын көріп қалады. Әліңде дүкенге келген кішкентай қыз оны себетке салып қыдырып жүр екен. Қуыршақ бұрынғысынан да сұлу болып кеткен. Иесі оның шашын өріп, ұшына бантик тағып қойған. Қанша қызықса да, ол өзіне қарап қолын бүгіп әмандасқан ақ көйлекті досын байқамағандай оңай танытып тұра берді. «Кішкентай қыз қызығы басылғанда қуыршақты тастай сапалады» деп өзін жұбатады.

Арада браз уақыт өтті. Әйнектің алдында жылдар бойы тұрған көк көйлекті қуыршақ адам танымастай өзгерді. Күн көзінен бояны өшіп, сүйсінер түрі қалмапты. Жыл артынан жыл жылқыды. Қуыршақтарды жасаған шебер қартайып, өмірден озады. Ескі дүкен жабылып, қажетсіз заттардың бәрі қорықса кетеді. Қанша қаламағанымен көк көйлекті қуыршақ та қорықса кетті. Лас заттардың арасында өзінің мәңгісі өткен өміріне қайғырып жатып, өзіне таныс бейнені байқап қалады. Дұрыстап қараса, бағы ақ көйлекті қуыршақ құрбысын көріп қуанған ол адам өткен өмірі жайлы сұрайды. «Мен өмір бойы дүкен сөресінде тұрдым. Адамдар маған басында қызыға қарайтын. Кейін ешкім менің сұлулығыма тандалмайтын болды. Ал сен адамдармен өмір сүрдің. Бірақ өміріміз өртүлі болса да, түбінде қорықса

жатырмыз ғой» деді көк көйлекті қуыршақ.

«Білесің бе, құрбым? Мен өз өмірімнің осылай болғанына, түбінде қорыста жатқанымға еш қайғырмаймын. Маған керемет отбасының мейірімді қызының қуыршағы болу бұйырды. Мен өз иемнің әр қуанышында қасында болдым. Ол қорыққан кезде мені құшақтап жататын. Маған арнап әдемі көйлектер тігіп беретін. Екеуіміз көшеде бірге серуңдейтінбіз. Отбасы мүшелері де, құрбылары да маған қамқор еді. Бірақ ол өсейінде менімен сирек ойнайтын болды. Ешкімге айта алмайтын сырған маған айтатын. Кейін ием өсіп, отбасын құрып, тұрмысқа шықты. Соның дүниеге келген қызына мені берді. Ол баладай да маған жаман қараған жоқ, мені таза, ұқыпты ұстады. Сол отбасының бір мүшесіне айналып кеттім. Бір өмірімде қанша нәрсесі басымнан өтті. Қорықса кездесісоқ тап болдым. Бірақ кешкен әдемі сәттер үшін осы күніме де ризамын» деп тіл қатты ақ көйлекті қуыршақ.

Қуыршақтар өз тілектеріне сай өмір сүрді. Тек көк көйлекті қуыршақ дүкен сөресі мен терезеден басқа ештеңе көрмей кетпелісі өміл жатты. Адамның да тілегінің орындалуы қиын емес. Тек «таңдауыңа» жаңылмасқа болғаны.

Ариет ҚАЛМАХАН, №5 И.Б.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің оқушысы

Ертеде бір хан болыпты. Оның қырық уәзірі бар екен. Оларға үш уәзірді басып сайлаған екен.

Етін күндер қуалап, айды айлар, жылдар басып, уақыт жылжып өте берді. Алғашқы кезде хан елдің қошеметіне бөленіп, қайғысыз, уайымсыз өмір сүріп жатты. Екі бас уәзірлікке әйелінің жақындарын қояды. Уақыт өте келе ел арасында өсек-аян, түрлі әңгіме тарай бастады. Айлакер екі уәзір ханның балалық шағын бірге өткізді (досы) уәзірлігін соңынан түседі. Дегенмен ол уәзір ойын ашық айта алтын, жауын қай жағынан келетінін, соғыс тактикасын шебер меңгерген азамат еді.

Ханға күнделікті жалған ақпар берген әйелдің туыстарының оң қолы болған уәзірі арасындағы сыйластығы, достығы ұзаққа созылмады. Бас уәзір қуғынға ұшырады, «Бұл – біздің ортақ жауымыз» деп тістеген уәзірлер ханға бас уәзірді жер аудару, жұмыстан мүлдем аластату керекін айтты. Хан уәзірлерінің бұл ұсынысын құптап, оны аластатады. Дүниеге тоймаған тоғызмыс хан ел ішіне ірпіп салып, күннен-күнге қара халықтың күнөресі нашарлай бастайды. Әйелінің туыстары мылғынан күліп, келесікте ханның орындығы бізге бұйырды деген оймен айтқандарын бұлжытпай орындайды. Көзі қарайтын хан тізім жасап, сенімді болған екі уәзіріне: «Бізді ел қолдайды. Халыққа қарсы қатаң шара қолданамыз», – деп бұйрық берді. Тек өз жақтастарынан қана құралған жасақтар болмаса ашынған халық ханға қарсы бүлік ұйымдастырады. Соңында елден қашқан хан басын сауғалап, тау беткейі паналайды.

Кішігір хан жазасын тартуға тиіс. Бұрынғы елден аластатылған уәзір қайта келіп, елдің басын біріктіріп, халық жағдайының түзелуіне барлық күш-жігерін салады. Ханның бұрынғы көмекшілері шу шығарудың орынсыз екенін түсінді. Енді мемлекетті басқаратын жаңа хан сайлану қажет еді. Халық өз ортасынан ақ киізге отырығын, ханның бұрынғы досы болған уәзірді ел билеуші деп таныды. Жаңа хан келе сала елді күшпен емес, ақылмен басқаруға кіріседі. Осылайша елдің жағдайы күннен-күнге жақсара бастайды.

Сейтхан ШҰҒЫЛА, Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылы №224 орта мектептің оқушысы

Ерте, ерте, ертеде, ғаламшарда «Жер» планетасы болыпты. Жер – түрлі тіршілік өмірі сүруші мекен. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар болса да, әр жан үйлесімділікте ғұмыр көшеді. Жерде жарық болмапты, мәңгілік қараңғыда өмір сүріпті. Бұл тіршілік иелері тағы келгенен елдерде, ал тіпті кейбіреуі өз жерінің патшалығына бейімделіп өмір сүреді. Ал ер патшалықтың жері мен халқының қамын ойлап отырушы патшалары да бар. Жердегі патшалықтар бір-бірімен тек достықта өмір сүреді екен, ал түсінбеушілік туындаса, бұл мәселе тез арада шешіледі. Патшалықтың бірінде ғажайып Самұрық құстар да өмір сүреді екен.

Жерде құстар патшалығы болғанымен, Самұрық құстар дара, өзінің жеке еліне өмір сүретін болыпты. Бұл ғажал құстардың ойына ешқашан үйреншікті, басқа құстармен тұру келмейті, Самұрық патша осы өмір салтын өте жөн көреді-мис. Олардың ойынша бостандықта өмір сүргенге ешнәрсе жетпейді. Самұрық құстар қандай мейірімді, ғажал, сұрамай-ақ көмек қолын созып, жарақат алған жанға ем берсе де, басқа құстармен түсінбеушіліктен, ұрыс-керістен алшақ жүруге тырысады.

Бірақ олардың бақытты өмірі ұзаққа созылмады. Самұрық патшалығында бүкіл халықтың жүрегі ауртқан қайғылы оқиға болды. Патша қазға тапты. Біреумен бәсекелесті ме жоқ әлдекімдер әдейі ханның тағына ие болу үшін өз қолымен өлтірді ме белгісіз. Ол өте дана, халқын көз келген кәуіптен қорғап, әділдік үшін күрескен құс болған еді. Көп ұзамай самұрық құстар өз көсемімен қоштасып, алғысын білдіру үшін патша үшін жанына жиналып, қазаның қайғысын сезініп отырады. Бұл дүние жүзіндегі барлық құс үшін ауыр жағдай болғанына сондай, оның өздерінің жағдайы қандай болғанын ойлап кетеді. Бірақ самұрықтар ешқашан берілмейтін қайсар еді, олар жаңа патша таба алмай қиналса да, тезірек оның орнын басытын құста табуға тырыпты.

Бірі: «Самұрық патшалығына жаңа бір басын таңдамас бұрын, алдымен біздің алдыңғы патшаның қандай болғанын анықтап алу керек. Дұрыс емес пе?» десе, бірі «Патшасыз-ақ жақсы өмір сүреміз!» – дейді. Ал кейбірі бұл мекенді

тастап, Құстар патшалығына көшуді жөн көрді. Құстар өртүрлі пікір айтса да, көбісі бұрынғы патшаның қалай қазға тапқанын жартылай қолдады. Өрқайсысы іздеріру жүрттеудімен, дәлел таба алмады. Самұрықтар патшасын анықтай алмай, патшаның орнына қортын құсты да таба алмады. Осылайша жаңа бұрынғы әлсіздігі байқалды.

Патшаның қазасы қос құсқа ерекше әсер етті. Өр күні таң азымен халық осы екеуін жамандап, патшаның өліміне қатты сөзіп жүрді. Жақсы өмірден де, дайын тамақтан да айырылды. Дұрыс айтсаң, Сенімен келіспеген күнім жоқ, Бірақ бізге бір пана табу керек. – Бұл қиын мәселе емес. Жақын маңдағы Құстар патшалығына соғып кетейік. Сол жерде әрі қарай не істейтінмізді ойласамыз. Екі Самұрық құс келісіп, жақында орналасқан тамаша, көрікті, өзіндік сұлу табиғаты мен ерекшеленетін Құстар патшалығына бет бұрды. Ұшып жүріп қиын болмағанымен, ендігі мәселе жұртпен тіл тасуы еді.

Екі дос осы патшалыққа алғаш рет қонақ болып келіп тұр еді. Көп ұзамай-ақ патшалықтағы барлық құс бұл екеуіне үйреніп, тіпті, бауыр басып қалды. Бірақ

Құстар патшалығының екі Самұрық құспен ақылдасуға тиіс әңгімесі бар болатын. Бір күні Құс патшасы ол екеуін шақырып алды да, қатты даусымен: – Сендердің осы жерге келуге бұйырық берілді. Пай-пай, өздеріңе бір риза болып қалдым! Самұрық құстың басқа елде жүруі – тым сирек кездесетін жағдай. Шындарыңды айтыңдар, бұл жерге не мақсатпен келдіңдер?

– Осында тұруларыңа еш қарсылығым жоқ. Мен сендерді өз шәкірттерім ретінде жанымға алғым келіп отыр. Сендерден нағыз шеберлер шығады деген ойдамын. Не дегенмен, Самұрықтар жай құс емес. Ендігі сендердің мақсаттарың – астанда Күн жылдызын жарату. Артық сұрақ керек жоқ, бәрің де өзін түсіндірмеді. Күн – бар тіршілік үшін ең маңызды. Бізге жылу да, жарық та бере алады. Келіспесіңме? – деді.

Екі құс қарсы болмады. Жаңа білім алып, патша Самұрық құстың күшін бір жерге де жұмсауды үйренді. Самұрық – ғажал құс болатын. Олар өз көз жасы арқылы түрлі жара мен аурудан емдесе, күлкісі арқылы қайта тіріледі. Осылай олар мәңгілік өмірді, мәңгілік ұмтылыс пен сенімді, өлімді жөншіледі бейнелейтін. Патшаның айтқан сөзіне келіскенімен олар түк те өкінібеді.

Кішкене ғана уақыттан соң екі Самұрық ғажал таланттарымен көрсете білді, патша да өзінің шәкірттері үшін риза болды. Бұл екеуі қанша өлді, қанша тірілді. Құстарды, берілуге де жарым болды. Бірақ тасалды. Көп жыл өтті. Қаншама жылдық жаттығулардың бері де бос өткен жоқ. Көптен күшпен сәт те келіп жақындады. – Осы сәтте, Күннің жаратылысына бүкіл тіршілік назар аударсын! Бұл сәт ер жануардың есінде қалып қажет, – деді Күн қанасын білдіріп құс патшасы. Бірақ тіршілік тесіліп қарап тұр, бірақ олардың ешқайсысы қандай көңіл-күйін жеткізу керектігін білмейді, олар жай ғана жақсылап күтті.

Кенеттен екі оттай жалындаған екі Самұрық бір-бірін айналып, білеп жүргендей соңы астанға дейін ұшып жетті. Бүкіл жануардың назары сол екеуінде. Олардың көрікті, нәзік қимылдарына тамсанып тұр. Ұзын, отты қанаттарын желбіретіп жіберген кезде, көптен күткен Күн жаратылды. Кенет, бүкіл жануар өздерінің қатты даусымен күннің ұшып айқайлады. Бәрі де риза, бәрінің жүзінде күлкі бар. Ал екі самұрықтың тіптен көңілдері көтерілді. Бұл оқиға ешкімнің ойынан да кетпестей болды. Олар Самұрық құстардың бұл әрекетін көзімен көріп, патшалықта мәңгі әрі тату тұруға уәде берді.



АШКӨЗ БАЙ

атына шабандоз іздейді. Барлығы «тұлпарың жарамайды» дей береді. Алайда шыдамы таусылған бай бір жетті тоқтатып, қатыма шабандоз бол, үлесіңді беремін» деп көндіріп алады. Бірақ ойлағандай бұл тұлпарға жеңіс бұйырмай, аты шабандозға қалады. Солай бай жазулатып үйіне келсе, бәрі өсігінің алдында жиналып тұр екен. «Не болыпты қалды?» деп сұраса, «қораннан өлген малдың ісі шығып жатыр» дейді. Бай құлпытқы бұзып қараса, малы түгелдей аштықтан қырылып қалыпты. Мұндай азапқа төзбеген бай отырып өңірей кетеді. Енді қалғаны бай деген аты ғана. Ауылдастарына «неге менің де малыма жарамдағандар?» деуге батылы жетпейді. Себебі өзінің малына қолының ұшын тігізген адамды өлгенше қарайтын әдеті есіне түсті. Тұрғындар мұның жағдайын сөзсіз түсінді. Өткен-кеткеннің, өкпенің бәрін ұмытып, қонақ қылды. Бұл ортаның жайлылығын енді қана сезгендемі болған бай істеген ісіне өкіне берді. Оған тұрғындар өздеріне тиесілі жерінің бір бөлігін беріп, естікпен айналысуына жағдай жасайды. Солай бай да тату-тәтті, берекелі өмірге үйренісіп, нағыз үлгілі адамға айналады.

Замира ЖАҒЫПАР, №171 Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің оқушысы



– Патшам, дұрыс айтасыз. Бізге жай ғана жаңа баспанға керек болды. Ұлы Самұрық патшаның қазға тапқанын естіген шығарсыз? Осылайша екі құс барлық жайтты патшаға түсіндірді. Патша өзі сезгендей болып, күлімсірей үн қатты.

Жанель МАРХАБАТҚЫЗІ, №5 И.Б.Панфилов атындағы мектеп-лицейінің оқушысы

ТОЛАҒАЙЛАР ТОП БАСЫНДА



Ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды.

Мексиканың Леон қаласында өткен дүбірлі додада қазақстандық ауыр атлеттер 4 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль еңшіледі. Әлем чемпионатында ел құрамасынан Ерасыл Сәулебеков (67 келі), Едіге Емберді (73 келі), Денис Полу-боринов (80 келі), Никита Абдрахманов (102 келі) жеңіс тұғырына көтерілді. Ал Надежда Ли (62 келі) күміс алса, Александр Белеко (40 келі) және Ерасыл Омаров (55 келі) қола жүлдеге қол созды. Жалпыкомандалық есепте Колумбия және Түркия құрамалары үздік үштікке жайғасты.

Айта кетейік, Ерасыл Сәулебеков Сыр өңірінің санлағы. Ол қосалыс қорытындысында 281 келіні (123+158) бағындырып, алтын жүлдеге қол жеткізді.

БАЛА БОКСШЫЛАР БӘСЕКЕСІ



Қазалы ауданындағы Қ.Пірімов ауылында 2009-2010, 2011-2012 жылдары туылған жасөспірімдер арасында бокстан аудандық ашық турнир өтті. Даңқты қолбасшы Жалаңтөс батыр жүлдесі үшін «Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған жарыста 180 оқушы шаршы алаңға шықты.

Бес күнге жалғасқан турнирдің негізгі ұйымдастырушысы №18 Қазалы аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі болды. Атаулы жыл аясындағы сайысты өткізуге аудандық спорт, ішкі саясат бөлімдері, Жастар ресурстық орталығы мамандары, Жалаңтөс баһадүр ұрпақтары да үлкен үлес қосыпты. Турнирге қатысушылар арасында облыс аудандарынан бөлек көшіп-барып Түркістан облысы мен Өзбекстан Республикасынан келген жас спортшылар болды.

Қазалы – түрлі спорт түрінен алда жүрген аудандардың бірі. Бұл жарыста да ауылдардағы бала спортшылардың бағы жанды. Ж.Баһадүр, Қ.Пірімов ауылдарының спортшылары бірінші тұйырдан көрінді. Өзге аудандар мен Түркістан облысынан, Өзбекстан Республикасынан келген боксшылар да жеңімпаз атанды.

БЕСІНШІ ЖЕҢІС



Ресейдің Орынбор өлкесінде туып-өскен қандасымыз Дамир Исмағұлов АҚШ-тың Остин (Техас штаты) қаласында өткен UFC on ESPN 37 турнирінде жеңіске жетті.

Жеңіл салмақта өнер көрсететін 31 жастағы Дамир Исмағұлов Швеция туы астында бақ сынаған грузиялық Гурам Кутателадземен төрешілердің бірауыз шешімі бойынша басым түсті. Кездесудің бірінші раунды Кутателадзенің пайдасына аяқталғанымен, екінші және үшінші раундта басымдық танытқан Дамир Исмағұлов қарсыласынан айласын асырды.

Исмағұлов кештің басты кардында бірінші мәрте өнер көрсетіп, бесінші жеңісіне қол жеткізді. Дамир мүлде жеңілмеген. Кутателадзе болса екінші айқасын өткізіп, бірінші мәрте жеңілістің кермек дәмін татты.

Бетті дамындаған: Е.ШӨРІБЕК

Әділбек ЖҰМАХАНОВ, Қазақстан жастар құрамасының қорғаушысы:

Футболдан

Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңі аясында Қазақстан жастар құрамасы маусым айында Дания және Түркия құрамаларына қарсы кездесу өткізді. Қос құрамамен өткен ойында қорғаушымыз Әділбек Жұмаханов негізгі құрамнан табылып, құраманың ұпай еңшілеуіне септігін тигізді. Көрі құрлықтан оралған оғланмен аз-кем тілдестік.

– 58 минутта әріптесім Дамир Касса-болат жоқ жерден ойын ережесін бұзып, қызыл қағаз алды. Бұл біз үшін ауыр соққы болғаны жасырын емес. Бас бапкер Қайрат Нұрдаулетов қорғанысқа бекем болып, гол соқтырмау тапсырмасын жүктеді. Соған сай тактика да өзгеріске ұшырады. Орталық жартылай қорғаушы қызметін атқарып жүрген Мейрамбек Қалмырза қорғанысқа дем берді. Даниядан кейін жеңіліс табу біз үшін ынғайсыздық тудыратын болады. Сондықтан намысқа тырысып, аузылы қарсыластан ұпай олжалау керек болды. Бапкердің сенімін ақтап, тоқсан минуттық тартыста тең нәтижені қанағат тұттық.

– Енді ел чемпионатына оралсақ, «Қайсардың» біріншіліктегі аяқалысы жаман емес. Десек те соңғы ойында «Тараз Қаратауды» жеңе алмады. Бұл матчта қарсылас сауатты ойында ма, әлде «Қайсардың» қарқаны жетпеді ме? – Тараз отандық футболда шебер ойыншыларды дайындайтын үлкен мектепке айналды. Оны Қазақстан ұлттық құрамасында жүрген талантты футболшылар айғақтайды. Сол аяқдошыларды көріп өскен футболшылар жаман нәтиже бермейтіні анық. «Тараз Қаратау» соның бір дәлелі. Биылғы

біріншіліктегі нәтижесі де жаман емес. Сергей Пак, Азиз Анарметов, Еразт Кенбаев секілді белгілі бапкерлерден тәлім алып жүрген футболшылар үздіктер қатарында келеді. Сондықтан бізді тартысты ойын күтіп тұрғанын білдік. Матч басталған сәтте ерте гол соқтырып алдық. Одан кейін футболшылар қанша шабуылдаса да гол соғу мүмкін болмады. Капитанымыз Мақсат Байжановтың жойқын соққысынан кейін есепті теңестіре алдық. Біздің командалық жеңіске деген мүмкіндігі мол болғанымен сәттілік «Тараз Қаратау» жағында болды.

– 28 маусым трансферлік төресе ашылады. Яғни өзге клубтарға ауысуға болады. Жазғы ауысымда өзге клубтардан ұсыныс түскен жоқ па?

– Футболшылардың деңгейін, шеберлігін анықтайтын instat сайты арқылы командалар бүгінде жаңа футболшыларды қарап қатқаны анық. «Қайсарда» үздіксіз негізгі құрамда ойнал жүргеніме байланысты сайттаға көрсетілім өткен жылға қарағанда едәуір жасарды. Соған сәйкес ұсыныстар көбейді. Барлығы Премьер-лигадан. Бірақ «Қайсардан» кеткім келмейді. Тәжірибелі ойыншылардың арасында үйренерім көп. Сондықтан қызылордада қалуға тырысамын.

ЖУРНАЛИСТЕР ФУТБОЛДАН СЫНҒА ТҮСТІ

Өткен сенбіде еліміздің журналистері Ақмешіте бас қосып, футболдан облыс әкімінің жүлдесін сарапқа салды. Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық турнир тартысқа толы болды.

Отандық журналистер Ақмешіте бас қосып, футболдан облыс әкімінің жүлдесін сарапқа салды. Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық турнир тартысқа толы болды.

Доп додасына Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған, Шымкент қаласы мен Жамбыл, Түркістан, Жетісу облысынан барлығы 9 команда бақ сынады. Олар жеребеге сәйкес екі топқа бөлініп, жарыстың мерейін асырды.

А тобында 5 команда плей-офтың жолдамасына талас жүргізді. Өңірдің намысын қорғаған қаламгерліктер қонақты сыйлап, «Экспресс К» және талдықорғандық «Қарекет» командасына ұпай сыйлады. А тобында үздік болған қос команда жартылай сынға мүдирей өтті.

В тобы шиеліністі жағдайға тап болды. Фаворит саналған «Хабар», «Ақмешіт», «Шымкент», «Тараз» командаларының жолы В тобында түйісті. Мінезді ойын көрсеткен «Хабар» мен «Ақмешіт» суырылып алға шықты. Топтық кезеңнің тайталасында сүрінбегендер келесі күні жарысты жалғастырды. Нұр-Сұлтан қаласынан келген «Экспресс К» күтпеген жерден «Ақмешітті» 4-2 есебімен сан соқтырды. Ал «Хабар» «Қарекетпен» айласын оңай асырды. Қола жүлде үшін өткен матч финалдық кездесуден кем болмады. «Қарекет» қос таймда да қарекетін жасап, үш рет алға шықты.

Алайда «Ақмешіт» жергілікті жанкүйерлердің үмітін селкеу



түсірейі, 5-3 есебімен жеңісті жұлпы алды. Жарыстың шешуші сәті «Хабар» мен «Экспресс К» арасында өтті. «Еуразия» спорт кешеніне жан бітірген

матчта «Экспресс К» сенсациялық нәтиже тіркеп, пенальтиден қарсыласын жеңіп, бас кубокты иеленді.

Кездесуге қатысқан журналистер жарыстың деңгейіне тоқталды. – Сыр өңірі республикалық жарысты екінші мәрте ұйымдастырып жатыр. Алғашқысында да бақ сынадық. Дегені өте жоғары. Жыл өткен сайын әріптестердің де алаңдағы әлеуеті күшейіп келеді. «Тараз» командасы жүлдегерлер қатарынан көріну үшін келген еді. Бірақ жеребе жолдас болмай, қиын қарсыластармен бір топқа кезігіп қалдық. Бірақ жүлдеге ілінбей қалдық деп көңіл түсіргеніміз жоқ. Өйткені мұндай жарыстар әр өңірде әріптестермен қарым-қатынасты нығайтады. Сондықтан Сыр бойында өткен турнирді одан әрі басқа облыстар да іске асырып, қаламгерлердің спортқа деген қызығушылығын оятқанын қалаймын, – деді «Тараз» командасының капитаны Нұржан Тұғанбай.

Осылайша журналистер қауымының басын қосқан бәсекеде топ жарған «Экспресс К» командасына арнайы кубок пен 1 миллион теңге қаржылай ұтыс берілді. Ал екінші орын иеленген «Хабар» командасы 700 мыңды місе тұтты. Турнирде үшінші орынды «Ақмешіт» командасы (400 мың), төртінші орынды «Қарекет» командасы (200 мың теңге) иеленді.

Одан бөлек үздік ойын өрнегін көрсеткен спортшыларға да арнайы жүлделер берілді.

ЕУРОПАДАН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Уақыт пен тарих бағамы өнер туындысына автордан әлдеқайда артық атақ сыйлап жатады. Яғни, өсімдер өшкеннен, қолтаңба мәңгі өмір сүреді. Сурет әлемінде дау мен дақпытқа толы туынды – голландиялық жылқалам шебері Ян Вермеердің «Інжу сырғалы қыз» картинасы.

Өлем сыныптарына тыныштық бермейтін бұл әйел портреті «Орамалды қыз» атауымен де танымал. Маурицхейс мұражайында орналасқан туынды 1665 жылы салынғанымен, әлі күнге дейін кеңестегі кейіпкер қараған жанды бейжай қалдырмайтын көзқарасымен өз құпиясын арттыра түскендей. Картинаның құпиясы неде? Інжу сырғалы ару кім?

ҚҰПИЯ КЕЙІПКЕР

Картина авторы Ян Вермеер тұрмыстық және жанрлық кескіндеменің шебері болған. Әкінішке қарай, оның өмірі туралы мәлімет аз. Шығармашылық тұрғыдан суретшінің әлемдік өнер тарихына қосқан үлесі даралығында болса керек. «Інжу сырғалы қыз» – шебердің танымал туындысы ғана емес, сонымен қатар голландиялық кескіндеме тарихындағы ең жұмбақ жұмыстардың бірі.

XVII ғасырда портрет жанры ерекше танымал болды. Бұл кезеңде суретшілер кейіпкердің сыртқы бейнесі, яғни, бет-әлпеті, қимылы немесе киіміне ерекше элемент қосу арқылы картинаны жандандыра білді. Аталған картинадағы үш компонент – арудың жүзіндегі ерекше әсер, бас киім мен үлкен інжу сырға, жанды, динамикалық поза суретшіге қарау үшін бір секундқа бұрылғандай әсер қалдырады.

Арудың басындағы орамалдың өзгеше үлгісі XVII ғасырда Еуропаны жаулап алған Сұлтан Сүлейменнің кезінде кеңінен таралған. Сол уақыттағы сән классикасы құптағанына қарамастан, суреттегі әйелдің бас киімі өзгеше. Келесі назар аударатын дүние – қыздың құлағындағы сырға. Дәлірек айтқанда, ондағы інжу-маржанның пішіні мен мөлшері. Сарапшылар бұл мөлшердегі тас табиғатта кездеспейді дейді. Бірақ мұндай сырға Вермеердің тағы сегіз картинасында бейнеленген.

Аталған картина туралы бірқатар болжам бар. Олардың біріншісі танымал туындыда Вермеердің қызы Мария бейнеленгенін құптайды. Алайда бұл тұжырымның дұрыстығына қыздың жасы күмән тудырады. Ол жылы қызы небәрі 12 жаста еді, ал портреттің кейіпкері сәл үлкенірек көрінеді. Суретшінің өз баласына жас қосуы да екіталай...

Екінші болжам суреттегі Вермеердің жары Катарина Болнес екенін айғақтайды. Бұл жағдайда да кейіпкердің жасы күмән тудырады. Шынында да, суретші сұлу әйелін модель болуға шақыруы мүмкін. Бірақ



Катарина ол кезде портреттегідей жас болмаған.

Соңғы болжам бойынша суретшінің жас қызға ғашық болғаны туралы ақпаратпен тарихшылар келіспейді. Өйткені ол 15 баланың әкесі атанған.

Өзінің күнімен бас қосқан деген нұсқаның кен таралуына американдық жазушы Трейси Шевальердің «Інжу сырғасы бар қыз» романы әсер етті. Дегенмен автор мұның ойдан шығарылған кейіпкер екенін, картинамен тікелей қатысы жоқ екенін айтқан.

Төрт нұсқаның ешбірі дерекпен нақтыланбаған. Сонымен қанша ғасыр өтсе де, кейіпкердің кім екені жұмбақ. Бұл картинаның құнын биіктеу түскендей.

ТОМБЕНИҢ ЕҢБЕГІ

Вермеердің стиліндегі портреттер XVII ғасырдағы Голландияда бастау алған «трони» деп аталатын жанрға жатады. Яғни, графикалық немесе кескіндемелік суретте толыққанды портретті емес, адамның ажары мен ерекше көңіл-күйін жеткізе білу шарт. 1994 жылы аталған картинаны қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Суретшінің туған жерінде сирек кездесетін картиналарды сақтау үшін талай жыл табанды еңбек етіп, күрескен Виктор де Стюрдің кеңесімен коллекционер Арнольдус Эндрикс де Томбе «Інжу сырғалы қызды» 1881 жылы Гаагадағы аукционда екі гүлден отыз центке сатып алды. Айта кету керек, гүлден – голландықтардың ескі ақша бірлігі, алтыннан жасалған валютасы. Артынан өрген мұрагері жоқ де Томбе 1902 жылы Маурицхейс мұражайына бірнеше басқа картинамен бірге аталған туындыны да тарту етті.

1937 жылы «Інжу сырғалы қызға» ұқсас сурет табылды. Оны Вашингтондағы Ұлттық өнер галереясына коллекционер Эндриу Меллон тапсырған. Алайда жиырмасыншы ғасырда туындының жалған көшірме екені анықталды.

2018 жылы Гаагада орналасқан Маурицхейс галереясының ғалымдары зерттеу жүргізіп, нәтижесінде кейіпкердің құлағындағы інжу-маржан көзді сырға суретшінің қиялынан туғанын айғақтаған. Себебі, сырғаның ілгіші, басқа бөліктері көрінбейді. «Біз картина арқылы Вермеердің материалы мен әдістері туралы көп нәрсе білдік. Бірақ кейіпкердің кім екені әлі белгісіз. Осындай жұмбақтың арқасында туынды талай ғасыр қызығушылық тудырады», – дейді жоба жетекшісі Эбби Вандивере.

Арудың жанарындағы құпия көзқарас суреттің басқа бөлігін жоққа шығаратындай тылсым күшке ие. Тіпті, маржанды сырға да отты жанардың қасында елеусіз қалады. Тарихи тұрғыдан кейіпкері арқылы біраз шу тудырған туынды екінші «Мона Лиза» деп аталып кетті.

Дина БӨКЕБАЙ

«АЛТЫН САҚА» ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды. Бүгінде өтінім санының артуына байланысты байқау қорытындысын жариялау 1 айға шегерілді.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан бастап, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарп – Times New Roman, өлшемі 14; жол аралығы – 1; парақ өңімен теңістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титүлді бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі керек.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 30 маусым күні анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

JULDYZ – JORAMAL

(23 – 29 маусым)



Тоқты

Сізді аптаның әр күні ерекше қуантады. Жақандарыңыз таралып, жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуға сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.



Торпақ

Апта аздап шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарларыңызға қатысты өзгеріс енгізіңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.



Егіз

Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.



Шаңа

Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақындарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершіліктен артудан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.



Арыстан

Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге жаңа болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.



Бике

Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізіңіз, көмекші тұстары сізге көрі әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.



Таразы

Көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуда қиындықтар істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Жаңадан көсіп бастап, жұмысқандырыңызға қуаныш сыйлау үшін орайлы мүмкіндік туып тұр.



Сарышаян

Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қиындықты тез ері оңай шешесіз. Ұжыраңызға түспейсіз. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз бек мүмкін.



Мерген

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаңыңызға жақын жанмен алғаш күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста көдеріңіз жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөледі ұмытпаңыз.



Тауешкі

Ұсақ-түйекке бола жүйеңізді жұқартпаңыз. Қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның әсерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.



Сұқпайыш

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін ұйымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.



Балық

Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жұмыс арда өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін өз салпаңда белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойының өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8 7742/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 1724/21 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тансырыс: 1024